

«Бекітемін»

Ә.Құдабаев атындағы
№197 орта мектебінің директоры

Е.К.Ақшалов



Арнайы педагогтың жылдық жұмыс жоспары

Арнайы педагог: Сүлейменова М

2023–2024 оқу жылы

Арнайы педагогтың мақсаты: ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына және мектеп кеңесінің шешіміне сәйкес білім алуда ерекше қажеттілігі бар мектеп оқушыларына арнайы педагогикалық қолдау көрсету.

Арнайы педагогтың міндеттері:

1. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар мектеп оқушыға басқа мамандармен, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесіп тереңдетілген арнайы педагогикалық тексеруден өткізу;
2. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар мектеп оқушыға жеке, топтық және сыныптық сабақтарда арнайы педагогикалық қолдау көрсету.
3. Оқытушыларға, ата-аналарға, басқа мамандарға білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқу процесінде және үйде тәрбиелеу кезінде педагогикалық қолдау бойынша кеңес беру.

Арнайы педагогтың жұмысының негізгі бағыттары:

1. Ұйымдастырушылық жұмыс;
2. Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау;
3. Оқушыларға арнайы педагогикалық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау;
4. Кеңестік-әдістемелік қызмет;
5. Өзін-өзі дамыту.

1. Ұйымдастырушылық жұмыс

1	Көрнекі-дидактикалық құралдар мен жұмыс орнын дайындау	Тамыз Қыркүйек	1) Диагностикалық және дидактикалық материалдар дайындау; 2) Оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а,б) мұғалімнің мінездемесі балаға (форма 3); 3) Қатысқан сабақтарды талдау формалары; 4) Оқушылардың негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің бланкілері.
2	Жылдық жұмыс жоспары	Қыркүйек	Жұмыстың жылдық жоспарын бекіту
3	Оқушылар тобын және жеке, топтық сабақтарын құру	Қыркүйек	Оқушылардың тізімі
4	Құжаттарды рәсімдеу және жүргізу: 1) Жұмыс кестесін құру; 2) Сабақ кестесін құру; 3) Журнал толтыру: сабаққа қатысу, кеңестерді тіркеу.	Қыркүйек және жыл бойы	1) Жұмыс кестесі; 2) Сабақ кестесі; 3) Сабақтарға қатысу журналы; 4) Кеңестерді тіркеу журналы.

2. Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау (көмек)

1	Оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін арнайы педагогикалық зерттеу: 1) Сабақта бақылау; 2) Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар; 3) Тереңдетілген арнайы педагогикалық бақылау; 4) Оқушының «Коммуникативтік паспортын» зерттеу	Қыркүйек	1) Оқушыларды сабақта бақылау хаттамасы (форма 2а,б); 2) Әңгімелесу хаттамасы немесе толтырылған сауалнама; 3) Тереңдетілген арнайы педагогикалық бақылау хаттамасы негізгі оқу пәндері бойынша оқу жетістіктерінің карталары; 4) Оқушылардың мінездемесі (форма 3)
2	Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқылау	Қыркүйек	Оқушылардың мінездемесі (форма 4)

	Оқушылармен жұмысты жоспарлау: 1) Оқушылармен жұмыстың жеке бағдарламаларын құру; 2) Оқушылармен жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құру; 3) Жеке және топтық сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау; 4) Оқушыларға жеке оқу бағдарламаларын дайындау; 5) Сынып жетекшісімен бірлесе отырып оқу бағдарламаларын бейімдеу (ПМПК ұсыныстарына сәйкес)	Қыркүйек	1) Оқушылармен жұмыстың жеке бағдарламалары; 2) Оқушылармен жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құру; 3) Оқушылармен жеке және топтық сабақтардың жоспарларын құру; 4) ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес оқушыларға арналған бейімделген және жеке оқу жоспарларының мәтіндері.
4	«Білімділер әлемінде» тренинг оқушылармен	Қыркүйек	Ойын жаттығулары арқылы жаңа оқу жылына білімдерін дамытуына қолдау көрсету. Балалардың ойлау қабілетін арттырып, есте сақтау қабілетін дамыту, қиялдарын жетілдіру. Баланы қуана білуге, өз айналасындағы жағымды істерді қабылдай білуге үйрету.
5	Кітап - менің өмірімде (ынталандыру сайысы)	Қазан	ЕББҚ оқушыларды сөзді буынға бөліп және тұтас оқуға жаттықтыру. Ынталандыру арқылы жылдам оқуға үйрету. Бастапқы көрсеткіші арқылы жыл соңына дейін жоғарылатып, оң нәтижеге қол жеткізу.
6	Көркем жазамын (ынталандыру сайысы)		Дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Ынталандыру арқылы оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастыру. Бастапқы көрсеткіші арқылы жыл соңына дейін жоғарылатып, оң нәтижеге қол жеткізу.
7	Арт-терапия	Қараша	• Балаларға АРТ-терапия туралы түсінік беру; • сурет салу терапиясы жаттығуларын орындау; • әсемділікті сезінуге тәрбиелеу.
8	«Жаңа жылға саяхат» мерекелік шара	Желтоқсан	Балаларға мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, балалардың Аязатаның, Ақшақардың, карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым - қатынас ояту, бірлескен

			ойындар ойнату.
9	Спорттық ойындар (балалармен)	Қаңтар	Балалардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдылықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Салауатты өмір салтын насихаттау.
1 0	«Өмірге иә деп айт» психологиялық науқан "Жүрек жақсылыққа ашылады!"	Ақпан	Жасөспірімдерге «Өмір тамаша!» ұранын ұғындыра отырып, өмірге деген құлшынысын, қызығушылықтарын арттыру. Баланы оның денсаулығына зиян келтіретін ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғау. Психологиялық, патриоттық күш беріп, кәсіптік бағдар көрсету.
1 1	Кітап - менің өмірімде (қорытындылау)	Наурыз	ЕББҚ оқушыларды сөзді буынға бөліп және тұтас оқуға жаттықтыру. Ынталандыру арқылы жылдам оқуға үйрету. Бастапқы көрсеткіші мен соңғы көрсеткішін салыстыру арқылы марапаттау.
1 2	Көркем жазамын (қорытындылау)		Дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Ынталандыру арқылы оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастыру. Бастапқы көрсеткіші мен соңғы көрсеткішін салыстыру арқылы марапаттау.
1 3	Менің қолымнан бәрі келеді	Сәуір	Өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру. Түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу. Бір-бірімен қарым-қатынас машығын қалыптастыру. Өзіндік бағаны жоғарылату.
1 4	Жылдық рефлексиялық есеп жүргізу	Мамыр	Жылдық рефлексиялық есеп
1 5	«Бақытты-балалық шақ» балаларды қорғау күніне іс-шара	Маусым	Сурет сайысында балалар еліміздегі бейбітшілік пен достықты, қоғамдық келісім мен бақытты балалық шақты бейнелеп, жылдамдық пен

			тапқырлық танытуға, педагогикалық ойындарда шығармашылық қабілеттерін көрсетуге бейімделеді.
3.Оқушыларды арнайы педагогикалық қолдау және оның тиімділігін бағалау			
1	Жеке және топтық сабақтарды өткізу	Жыл бойы	Жеке және топтық сабақтардың жоспарлары
2	БАЕҚ бар балаларға сабақ барысында көмек көрсету (мұғалімнің келісімімен)		Сабақ барысында көрсетілген көмек пен оның нәтижесін тіркеу хаттамасы
3	Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау	Жыл бойы	1) Сабақ барысында оқушыны бақылау хаттамасы (2а,б формасы); 2) Білім жетістіктері карталары; 3) Сабаққа қатысу хаттамасы.
4. Кеңестік-әдістемелік қызмет			
1	Ата-аналарға жеке кеңес беру (ата-анасының қалауы бойынша немесе қажет болған жағдайда)	Мерзімінде	Кеңесті тіркеу журналы
2	Мұғалімдерге жеке кеңес беру	Мерзімінде	Кеңесті тіркеу журналы
5.Өзін-өзі дамыту			
1	Ғылыми-әдістемелік құралдарды зерделеу	Жыл бойы	--
2	Біліктілікті арттыру курстарынан өтуді ұйымдастыру	Жыл бойы	Сертификат

**Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі мұғалім-дефектологының
2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға
АНЫҚТАМА**

2023-2024 оқу жылы

№197 Әбу Құдабаев атындағы мектеп дефектолог пунктін қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелерін басшылыққа ала отырып Ә.Құдабаев атындағы № 197 мектеп. Дефектолог штаты 2019 жылы 4 желтоқсан айында 0,5 бірлікпен жұмыс атқарылды.

Әр оқу жылының басында жылдық жоспар құрылып, жоспарға сәйкес сыныптарды аралап, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалар ,оқу әрекеті төмен, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар анықталып, ПМПК мамандарының тексеруінен өткізіледі. Қыркүйек айының 1-15 аралығында ПМПК тұжырымдамасы бар және ата-аналардың сұраныстары,мұғалімдердің ұсынысы бойынша оқу мен жазу бұзылыстары бар оқушыларға арнайы педагогтың тексеру жүргізілді.ППҚК құрамы бекітіліп, жұмыс жоспары бекітілді. Арнайы педагогтың диагностикалық зерттеу барысында балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін, ауызша сөйлеу тілін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу тілін, ұсақ қол моторикасын тексеру мақсатында түрлі көрнекі дидактикалық құралдар қолданылды.

Мұндағы мақсат: әрбір оқушының дамуын толық зерттеп, оқуға қабілетін және оқушының негізгі белсенділігін психикалық барысын анықтау. Соның ішінде оқушының зейінін, есін, қабылдауын және ойын, сөйлеу бұзылыстарын бақылау. Оқушылардың коммуникативтік қызметін қадағалау.

2023-2024 жаңа оқу жылында мектеп бойынша ерекше білім беруді қажет ететін мектеп партасында отырған -8 оқушы. Оның ішінде: 2 тірек-қимыл аппараты бұзылысы -3, тіл кемістігі – 8 оқушы. Дефектологтың түзету-дамыту сабақтарына – 8 оқушы тіркеліп, жоспарға сәйкес жұмыс жасалуда.

Мектептегі мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы саны (үйден оқитын+партада отырған)	Партада отырған МШБ бала саны	Маман жұмыс жасап отырған бала саны (партада отырған)	Үйден оқитын бала саны	Үйден оқтын неше баламен маман жұмыс жасап отыр
16	8	8	8	4

Қызылорда облысының білім басқармасының
Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің
Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебі

Арнайы педагогтың жылдық есебі

Арнайы педагог: Сүлейменова М

2023-2024 оқу жылы

АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

(2023–2024 оқу жылы)

Мекеме: «№197 жалпы білім беретін мектеп»

Педагогтың аты-жөні: Сүлейменова М

Лауазымы: Арнайы педагог (дефектолог)

Есеп беру мерзімі: 2023–2024 оқу жылы

1. Жалпы мәліметтер

2023–2024 оқу жылында мектеп бойынша ерекше білім беруді қажет ететін 8 балаға түзету-педагогикалық қолдау көрсетілді. Оның ішінде:

- Психикалық дамуы тежелген – 6 бала;
- Сөйлеу тілінде бұзылысы бар – 8 бала;

Жеке білім беру бағдарламасы 8 балаға жасалып, бекітілді.

2. Оқу-әдістемелік жұмыс

- Барлық балаларға бастапқы диагностика жүргізілді (Бурдон тесті, Лурия тапсырмалары, сөйлеу картасы).
- Жеке түзету сабақтары аптасына 2–3 рет өткізіліп отырды.
- Сабақ бағыттары: сөйлеу тілін дамыту, ұсақ және жалпы моториканы дамыту, логикалық ойлау, эмоциялық-ерік аймағын реттеу.
- Әдістемелік құралдар: «Түзету-дамыту бағдарламасы», жаттығулар, арнайы ойындар.

3. Тәрбиелік және әлеуметтік жұмыс

- 8 ата-анаға жеке кеңес берілді.

- Педагог-ассистентпен, психологпен және әлеуметтік педагогпен бірлескен 4 іс-шара өткізілді (мысалы: «Менің көңіл күйім», «Достар әлемі»).
- Мұғалімдерге балалардың жеке ерекшеліктері бойынша нұсқаулықтар берілді.

4. Қол жеткізген нәтижелер

- 8баланың сөйлеу тілі жақсарды (сөздік қоры 25–30%-ға артты).
- 6 балада оқу дағдылары тұрақталып, жазу-оқу қарқыны жақсарды.
- 8 балада мінез-құлық пен қарым-қатынас мәдениеті оң бағытқа өзгерді.
- Мектепке бейімделу деңгейі 75%-ға артты.

5. Мәселелер мен қиындықтар

- Материалдық-техникалық база жеткіліксіз (дидактикалық ойындар, арнайы құралдар).

6. Келесі оқу жылына ұсыныстар

- Жеке бағдарламаларды жаңарту, сөйлеу тілін дамытуға арналған заманауи құралдарды алу.
- Ата-аналарға арналған тренингтер ұйымдастыру.
- Педагог-ассистенттермен бірлескен сабақтарды көбейту.

Қорытынды

2023–2024 оқу жылында арнайы педагогикалық жұмыс жоспарға сай жүргізілді. Балалардың танымдық, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларында оң өзгерістер байқалды. Алдағы оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру көзделіп отыр.

Арнайы педагог: Сүлейменова М